

Тасқала аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 23-3 "Тасқала ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 қазандағы N 26-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қазанда N 7-11-129 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 қазандағы № 15-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 18.10.2013 № 15-1 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" Зандарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысы негізінде аудандық мәслихат

ШЕШІМ

Е Т Е Д І :

1. Тасқала аудандық мәслихатының "Тасқала ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 23-3 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-11-120 тіркелген, 2010 жылғы 21 мамырдағы N 32-33, 28 мамырдағы N 34-35 "Екпін" газетіне жарияланды) шешімімен бекітілген Кағиданың 4 тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ауданның тұрғын үйлері газдандырылмаған аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) от жағылу мерзімінде тұрғын үй көмегін көрсету мақсатында қатты отын (тезек) сатып алу үшін аудан бойынша қатты отынның (тезектің) орта бағасын анықтау комиссиясының шешімімен анықталған 2 тонна қатты отынның (тезектің) бағасы мөлшерінде ауданның аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) табыстарын есептемей бір реттік көмек көрсетілсін "

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

C. Якупов

K. Нұрмұханов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК